

**Ақмола облысында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған Бағдарламасын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облыстық мәслихатының 2005 жылғы 8 сәуірдегі N 3С-11-5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 20 мамырда N 3137 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2010 жылғы 10 желтоқсандағы № 4С-29-7 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 10.12.2010 № 4С-29-7 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 1 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылдың 13 желтоқсанында N 1305 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс - шаралар жоспарының 12 тармағына сәйкес және облыс әкімдігінің 2005 жылғы 7 сәуірдегі N А-4/115 қаулысына байланысты облыстық мәслихат

**Ш Е Ш І М Е Т Т І :**

1. Ақмола облысында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған Бағдарламасы бекітілсін (Қоса берілді).

2. Осы шешімнің жүзеге асырылуын бақылау облыстық мәслихаттың экономика және бюджет сұрақтары жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

*Облыстық мәслихат*

*Облыстық мәслихаттың*

*сессиясының төрағасы*

*хатшысы*

О б л ы с т ы қ

м ә с л и х а т

с е с с и я с ы н ы ң 2 0 0 5 ж ы л ғ ы  
8 с ә у і р д е г і N 3 С - 1 1 - 5

шешімімен **бекітілген**

# Ақмола облысында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған БАҒДАРЛАМАСЫ

## 1. БАҒДАРЛАМА ТӨЛҚҰЖАТЫ

Аты:	Ақмола облысында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған бағдарламасы
Дамыту үшін негіз:	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы NN№1305 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған бағдарламаны"»іске асыру жөніндегі іс - шаралар жоспарының 12-тармағы; сондай-ақ облыстық мәслихаттың сессиясының 2004 жылғы 10 желтоқсандағы NN№3 С-9-11 шешімімен бекітілген "2005-2007 жылдарға арналған Ақмола облысында тұрғын үй құрылысын дамыту жөніндегі Бағдарламаның"»5.9 тармағы.
Әзірлеушілер:	Ақмола облысының сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменті; Ақмола облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті
Мақсаты:	Ақмола облысының құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырылымдары өнеркәсібін жаңартпа дамытумен қамтамасыз ету
Міндеттері:	Салаларды дамытуды ынталандыратын негізгі шараларды анықтау; облысты дамытуда мемлекеттік қолдаудың әдістері мен қалыптарын анықтау; қазіргі таңдағы жоғары сапалы бәсекелестік және шетке шығаруға бағытталған құрылыс материалдарды, бұйымдарды және құрастырылымдарды алу бойынша жаңа өндірістер құру; құрылыс индустрия кәсіпкерлігін жаңарту және техникалық қайта жабдықтандыру.
Жүзеге асыру мерзімі:	Ақмола облысында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамыту жөніндегі Бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) 2005-2014 жылдар бойы алғашқы кезектегі міндеттерді кезекпен шешуге бағытталған, 1 кезең - 2005 - 2007 жылдар, 2 кезең - 2008 - 2010 жылдар, 3 кезең - 2011 - 2014 жылдар.
Қаржыландыру көздері:	Бағдарламаны қаржыландыру шетелдік және отандық инвесторлар, мемлекеттік дамыту институттары, банктер кредиттері, кәсіпкердің жекеменшік қаржысы есебінен және басқа көздерден жүзеге асырылады. Инвестициялық жобаларды қаржыландыру кәсіпорындардың жекеменшік қаржы есебінен, тура инвестициялардан және басқа көздерден - 3722,9 млн. теңгені құрайды.
	Бағдарламаны жүзеге асыру кезінде тұрғын үй құрылысын жоспарлы дамытумен қамтамасыз ететін бәсекелестік құрылыс материалдармен қамтамасыз етуді жақсартуға мүмкіндік береді. Бірінші кезеңде (2005-2007 жылдары) Бағдарламаны жүзеге асыру: 2007 жылға шығару көлемі бойынша: қыш кірпішті - 5,79 мың м3 дейін; силикаттық және қож кірпішті - 263,66 мың тоннаға дейін; тауарлық бетонды - 220 мың тоннаға дейін; темірбетон бұйымдарын - 135,04 мың тоннаға дейін; сондай-ақ ағаш бұйымдарын, гранит, ұсақ бөлшекті қоз-, көбік-, газбетондық блоктарды, әкті және басқа бұйымдарды шығаруын арттыру. Жаңа өндірістік қуат құрылатын болады:

<p>Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін соңғы нәтиже:</p>	<p>санитарлық-техникалық бұйымдар бойынша жылына - 500 мың дана; полиэтилендік құбырлар бойынша жылына - 135 000 шаршы м., сондай-ақ каолиндік шоғырлану және ұсақ түйіршікті құм, қиыршықтас өндірісі; облыстық елді мекендерінде әлеуметтік инфрақұрылым объектілері және тұрғын үй құрылысының құны және сапасына, қарқына оң әсер етеді.</p> <p><i>Екінші кезеңде (2008 - 2010 жылдар):</i></p> <p>Құрылыс материалдары, бұйымдары және құрастырылымдары өнеркәсібінің негізгі түрлерінің өнімдерімен қамтамасыз ету құрылыс тұтынушылық көлемінің 2010 жылға дейін 70 - 80% жеткізу; шетке шығаруға бағытталған өнеркәсіпті игеру және бәсекелестік сыртқы нарықта құрылыс материалдарын шығаруды 50% көбейту; тиімді және экологиялық таза құрылыс материалдары, бұйымдары және құрастырылымдары түрлерін кеңейту көзделеді.</p> <p><i>Үшінші кезеңде (2011 - 2014 жылдар):</i></p> <p>шетке шығаруға бағытталған экспорттық өнімдерді: каолин, тау жынысы, сантехникалық бұйымдар, ұзақ жойылмайтын полиэтиленді құбырлар, жоғары технологиялық өндірісті пайдалануға енгізуді жүзеге асыру жоспарланады. 2014 жыл аяғында 1000 қосымша жұмыс орынын құру және тұрғындарды жұмыспен қамтуды жоғарылату; бюджетке нақты салықтың түсуін жоғарылату.</p>
---	---

## 2. КІРІСПЕ

Осы Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N№1305 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырылымдары өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған бағдарламасын"»іске асыру жөніндегі іс - шаралар жоспарының 12-тармағына, сондай-ақ облыстық мәслихаттың сессиясының 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N№3 С-9-11 шешімімен бекітілген " 2005-2007 жылдарға арналған Ақмола облысында тұрғын үй құрылысын дамыту жөніндегі Бағдарламаның"»5.9 тармағына сәйкес әзірленді.

Тұрғын үй құрылысы азаматтық, өнеркәсіптік және арнайы құрылысты дамытумен қатар 2030 жылға дейін Қазақстанның стратегиясын дамудың басымдылық бағыттарының бірі және жалпы ұлттық мағынадағы маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Облыстық мәслихаттың 2004 жылғы 29 маусымдағы N№3 С-3-6 шешімімен бекітілген 2005 - 2007 жылдарға арналған Ақмола облысында тұрғын үй құрылысын дамыту Бағдарламасының негізгі мақсаты кең тараған тұрғындардың тұрғын үйге қол жеткізуін қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту мәселелерінің кешенді шешімі болып табылады. Сондай-ақ, бұдан әрі тиімді, экологиялық таза құрылыс материалдар өндірісін дамыту және жаңа технологияны енгізу, жеке тұрғын үй құрылысын дамыту және жеке инвестиция есебінен, тұрғын үй құрылысы құнының төмендеуіне бағытталған шешім қ а б ы л д а у қ а р а с т ы р ы л а д ы .

2005 - 2007 жылдарға арналған Ақмола облысында тұрғын үй құрылысын дамыту Бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде тұрғын үйлерді пайдалануға

енгізу қарқыны жыл сайын өсуіне байланысты үш жылда барлық қаржыландыру көздерінен тұрғын үйлердің жалпы ауданы **341,1 мың м<sup>2</sup>**, соның ішінде 2005 жылы - 84,9 мың м<sup>2</sup>, 2006 жылы - 113,1 мың м<sup>2</sup>, 2007 жылы - 143,10 мың м<sup>2</sup>, солардың ішінде: республикалық бюджет қаржысына (коммуналдық тұрғын үй) 28,432 мың м<sup>2</sup>; бюджеттік кредит есебінен 60,557 мың м<sup>2</sup>; жеке инвесторлар есебінен 82,639 мың м<sup>2</sup>; жеке тұрғын үй салушылардың қаржы есебінен 169,487 мың м<sup>2</sup> салынатын болады.

2005 - 2007 жылдарға арналған Ақмола облысында тұрғын үй құрылысын дамыту Бағдарламасын жүзеге асыру үшін мемлекеттік бюджеттен 3843,0 млн. теңге, соның ішінде: 2004 жылы - 649,75 млн. теңге, 2005 жылы - 1149,75 млн.теңге, 2006 жылы - 1149,75 млрд. теңге, 2007 жылы - 893,75млн. теңге бөлінеді.

Бағдарламаны жүзеге асыру үшін 3 жыл ішінде: ипотекалық тұрғын үй құрылысына 2 268 млн. теңге сомасында жергілікті атқарушы органдарға бюджеттік кредит коммуналдық тұрғын үй құрылысына республикалық бюджеттен 1 181,2 млн. теңге сомасында инвестициялық трансферттер; тұрғын үй нысандарына іргелес аумақтағы инженерлік жүйелерді және көріктендіруді дамытуға облыстық бюджеттен 610,242 млн. теңге қарастырылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің NN№827 "2030 жылға дейін Қазақстанның стратегиясын бұдан әрі дамытуды іске асыру жөніндегі шаралары туралы" Жарлығын жүзеге асыру шеңберінде, экономиканы өзгертудің негізгі тетіктерімен қоса құрылыс индустриялардың кәсіпорындарын дамыту мәселелері бойынша белгіленген міндеттердің кезеңмен орындалуы осы 2005-2014 жылдарға Ақмола облысында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамыту жөніндегі Бағдарламамен қарастырылады.

Аталмыш Бағдарламаны әзірлеу қажеттілігі Қазақстанның стратегиялық дамуының негізгі бағыттарының бірі, республиканың ғылыми-техникалық мүмкіндігін тиімді қолдану және ұлттық валдық шикізатты құрайтын өнімді жоғары технологиялық шетке шығаруға бағытталған өнімге кезең-кезеңмен ауыстыру негізінде экономикалық өсу болып табылатыны шартты.

Құрылыс материалдардың отандық өнеркәсібі құрылыс өндірісі мұқтажығын толық қанағаттандыра алмайды. Қажетті құрылыс материалдарының көпшілік бөлігі ТМД елдерінен, алыс шет елдерден және республиканың басқа облыстарынан әкелінеді: бұлар - цемент, әйнек, орман материалдары, электротехникалық бұйымдар, санфаянс, ішкі әрлеу материалдары, жыл сайын импорт өнімдері 15 - 20%-ға өсуде.

Өнеркәсіптік және азаматтық ғимараттар мен имараттар құрылыстарының

сапасына бүгінгі таңдағы талаптар әлемдік стандарттарға сәйкес жаңа және тиімді құрылыс материалдарын қолдану қажеттігін белгілейді.

Саланың материалды-техникалық базасының деңгейі бүгінгі таңдағы талаптарға сәйкес емес. Көпшілік кәсіпорындардың негізгі қорларының тозушылығы 60-70%-ды құрайды. Өндіріс экологиялық талаптарды сақтамай, жоғарғы деңгейлі энергия тұтынушылықпен көнерген технологиялармен жүргізіледі. Өнімдердің жеке түрлері бәсекеге қабілетті емес болып табылады.

Барлық осы факторлар отандық құрылыс материалдары өнеркәсібінің дамыту , олардың қалай ішкі нарықта және сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттігін арттыру үшін жағдайлар жасауға бағыттталып көрсетілген ұзақ мерзімділік Бағдарламаны әзірлеудің алғы шартына айналды.

### **3. ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ, БҰЙЫМДАРЫ МЕН ҚҰРАСТЫРЫЛЫМДАРЫ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ**

#### **1) Жалпы мәліметтер**

Құрылыс материалдары өнеркәсібі облыстың экономикасының ірі құрамдас бөлігі болып табылады. Құрылыс үшін негізгі материалдық базасы бола отырып, ол экономиканың басқа салаларының өсу және тұтас қоғамның әлеуметтік жағдайының өсу қарқынына айтарлықтай әсер етеді. Құрылыс материалдары нарығын қалыптастырудың негізгі шарттары құрылыстың жоғарғы қарқыны және құрылыс материалдарын өндіру үшін қорлардың барлығы болып табылады. Қазақстан Республикасында табиғи жағдайлары, пайдалы қазбаларының қорлары мен алуан түрлісі, жер асты қорлары бойынша облыс бай аумақтардың бірі болып табылады. Облыс қажетті шикізат қорларына ие: топырақ, құрылыс тастары, құмдар, қаптағыш тастары, құрылыс балшығы, кварцит, әктас, құмтас-малтас қоспасы, табиғи қиыршықтас, балшықты-қиыршықтас топырағын өндіру бойынша көптеген кен орындары бар.

Облыста құрылыс материалдарын шығаратын 100 шақты шаруашылық субъектілері бар, олардың кейбіреулерінде кірпіш, темірбетон және ағаш бұйымдары өндірісін дамыту үшін мүмкіншіліктер бар. Облыс құрылыс индустриясында жұмыспен айналысатын кісілердің жалпы санының 4% ғана айналысуда. Өркениетті елдердің көпшілігінде құрылыс индустриясының үлесі жалпы жұмыстылықта 5%-дан 7%-ға дейін тербермеледі. Өткен жылы орташа және негізі шағын құрылыс индустрия кәсіпорындары қатарымен: табиғи құмдарды өндіру - 398,2 мың куб.м.көлемінде, гранулдар, тас қиыршығы мен тас

қоқымын, малтас, қиыршықтас немесе ұсақталған тастарды өндіру - 1792,7 мың м<sup>3</sup>; құрамалы темірбетон - 17,6 мың куб. м; тауарлық бетон - 9,0 мың тонна; ағаш бұйымдары - 34,0 мың шаршы метр; қыш тақташалар мен тақталар - 14,16 мың шаршы метр; оқшауламаған қыш құрылыс кірпіші - 4,7 мың куб. м.; әк - 726,0 тонна; бетоннан жасалған құрылыс құрастырмалары - 107,54 мың тонна, тауарлық бетон - 175,21 мың тонна; силикаттық және қож кірпіштер - 222,0 тонна көлемінде жұмыс атқарылды.

Соңғы үш жылда облыстық үш кәсіпорны ғана құрылыс кірпішін шығарды: Ақкөл ауданы Радовский кірпіш зауыты шамасы 200 мың дана, 2002 жылы Целиноград ауданындағы "Құндыз" ЖШС-і - 400 дана кірпіш шығара бастады. Облысымызда ең ірі №100 "Еңбек-Көкшетау" ЕМК кірпіш зауытының филиалы 2000 - 2001 жылдармен салыстырғанда 2001 жылы 8,6 млн. дана, 2003 жылы 3 млн. данаға дейін екі есе кемітті.

Щучинск қаласында орналасқан тағы бір кәсіпорын "Гефест" ЖШС-і ғана құрамалы темірбетонды шығарады. Ағаш бұйымдары (тақтайлар, білеулер, погонаждық бұйымдары, терезелер, есіктер) өнеркәсібімен көбіне бұрынғы орман өндіріс шаруашылығы, жиһаз кәсіпорыны, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының шағын және қосалқы цехтары айналысады.

Облыс құрылыс саласын көтерудің приоритетінің (алдының) бірі болып құрылыс кешенінің негізі болатын құрылыс материалдарын өндіру өнеркәсібін дамыту нақтылы.

Саланың дамуына тұрғындардың тұтынуына тұрғын үй құрылысы үшін құрылыс материалдардың және тұрмыста қажет басқа үй шаруашылық құрылыстардың кезеңді қалпына келтіру, жөндеу, қайта құру үшін қажетті мұқтаждылығын, сондай-ақ кәсіпорындар, офистер, өндірістік кешендер үшін және мемлекеттік және қоғамдық қорларының, әкімшілік, мәдени-тұрмыстық ғимараттардың, өндірістік және гидротехникалық имараттарды жөндеу үшін құрылыс материалдардың халық шаруашылығы кешенін тұтынушылығын дамытуға аз емес маңызды ықпал етуді көрсетеді.

Облыста осы уақытта цемент, металлпрокат, әрлеу материалдары, санитарлық-техникалық бұйымдары, табақ әйнегі, лак сырлау бұйымдары, жылу оқшаулау бұйымдары және басқа өндірістері бойынша әрекеттегі құрылыстық индустрия кәсіпорындары жоқ.

Бүгінгі күні құрылыс материалдары өндірісі облыстың құрылыс кешенінің тұтынушылығының тек бөлігін ғана қанағаттандыра алады және құрылыстық материалдардың барлық түрлері бойынша қат жібермейді, осы салдардан рынокта импорт өнімдер маңызды үлестен орын алады. Тек қиыршықтас және құрылыстық құм, балшық және тас алу өндірісі облысты толығымен тұтынушылықпен қамтамасыз етеді.

Тіпті, облыста соңғы жылдары керамикалық плитка, пластмассалық құбырлар және басқа өнімдер шығару бойынша жоспарланып отырған өндірістерге қарамастан, құрылыс материалдары саласында барлық өнімдер сыртқы нарықта бәсекеге қабілеті жоқ.

Алдыңғы қатарлы шетел технологиясы талабынан кәсіпорын салаларының көбінің техникалық деңгейі біршама артта қалып отыр. Кәсіпорындардың көнерген жабдықтармен және жетілдірілмеген технологиялық желілермен жабдықталуы тіпті ішкі рынокта бәсекеге қабілетті өнімдер шығаруға мүмкіндік бермейді. Қаржының, материалдық қорлардың жетіспеушілігі, муниципалдық тұрғын үй көлемінің мөрт төмендеуі, барлық күрделі құрылыс кешенінің белгілі төмендеуіне және консервациясына, сондай-ақ құрылыс индустрия кәсіпорындарының жабылуына әкелді.

Ұзақ мерзім ішінде құрылыс саласының қалыптастыруының және облысқа отандық өнімдерді сапасы мен түрлерінің көбісімен асып түсетін шетелден келіп түскен құрылыс материалдарының астарлы көлемі, отандық құрылыс материалдары мен бұйымдары өндірісі көлемінің төмендеуіне әкелді.

## **2) Құрылыс материалдарының ішкі нарығын талдау**

Құрылыс материалдар нарығының өзіндік ерекшеліктерінің бірі тұтынушының "бірлігі", рынок саласының көпшілігі үшін - бұл құрылыс ұйымдары болып табылады. Құрылыста 75-80%-дан жоғары құрылыс материалдары өнімдері, 95%-дан астам қабырға материалдары, 90% құрылыс бетоннан жасалған бұйымдары, 85% асбестоцемент бұйымдары, 95% құрамалы темірбетон пайдаланылады. Осыған қарай құрылыс материалдарының негізгі түрлерінің нарығын дамытуға құрылыс көлемі және құрылыс индустриясының дамуы әсер етеді, ал құрылыс көлемінің өзгеру динамикасын ескерсе оның қалыптасуы тек.

Соңғы жылдары облыста құрылыс саласының қарқынды өсуі байқалып отыр, осыған орай барлық құрылыс секторлары: өнеркәсіптік, тұрғын үй, жол құрылысы белсенді дамуда.

Күрделі құрылыстан басқа құрылыс материалдар нарығы өнімдері халық шаруашылығының барлық саласында: тау қазу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, электроэнергияны, газ бен суды, көлік пен байланысты өндіру және бөлу тұтынушылықты қанағаттандыру үшін арналған. Үй шаруашылығы жеке тұрғын үй құрылысы, сонымен қатар құрылыс материалдарын маңызды тұтынушылардың бірі болып табылады.

Құрылыс материалдарының өнеркәсібінің тенденциялары, алдымен республика экономикасында инвестициялық белсенділік шарасымен, салаларды

қайта құрастыру қарқынымен және күрделі қаржы салымдар құрылымының өзгеруімен анықталады. Ипотекалық кредит беруді дамыту, сондай-ақ тұрғын үй құрылысын дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын қабылдау, құрылыс материалдары саласына қаржының кіруіне әкеледі.

Осы саланың келесі өзгешелігі, бірыңғай нарықтық және нарықтық кеңістігінің жеткіліксіз дамушылығы, аймақтарда құрылыс материалдарының локалды нарықтарының қызмет етуі, сонымен қатар өндіріліп жатқан шикізат көздерінің қажетіне байланысты кәсіпорындардың біркелкі емес және теңгеруліксіз аймақтық үлестіруі. 2003 жылдағы нысандардың құрылысына айтарлықтай күрделі қаржы салымдарына қарағанда, жеткілікті дамымаған немесе цемент, асбестоцементтік және минералдымақталық бұйымдары, руда емес материалдары және басқалары сияқты құрылыс материалдарының кейбір түрлерінің өндірісі жоқ болғанымен, құрылыс материалдарының өте көп көлемінің импорты Ақмола облысына келеді.

Құрылыс материалдары өнеркәсібі энергия сыйымдылы, материал сыйымдылы, сондай-ақ жүк сыйымдылы мен көлік сыйымдылы салаларының бірі болып табылады деп белгілеу қажет.

Кәсіпорындар-монополистердің тарифтік және құндылық қысымы (газға, жылуға, бензинге, электроэнергияға және тасымалдау тарифінің өсу құнының артуына) саланың экономикалық жағдайын болжалауда қосымша қиыншылықтарды құрады. Осы жағдайда құнның жоғарылауы өнімге тұтынушылық сұранысты төмендетеді, құрылыс материалдарының бағасын және өзіндік құнын жоғарылатады, олардың бәсекелестікке қабілетін төмендетеді және импорттың арттыруына әкеледі.

Осы нарықты қарастыруда құрылыс материалдарына маусымдық сұранысы болуы маңызды. Өйткені құрылыс атмосфералық және климаттық шарттарынан және бұл себепкер шарттардың әрекеті нысандардың құрылысын жыл бойы жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді, құрылыс кезеңі жаз, көктем және күз мезгілдерінің бір бөлігі болып табылады. Облыс шарттары үшін бұл кезең 6 - 7 айды құрайды. Демек, құрылыс материалдарына сұраныс маусымдықпен сипатталады. Бірақ құрылыста жаңа технологиялардың шығуымен, құрылыс мерзімі талабының жоғарылауымен құрылыс материалдарына маусымдық сұранысы біршама сұқталануда.

Нарық ерекшеліктерінің арасында, сондай-ақ шикі зат биржаларын, делдалдық қызметпен айналысатын көптеген фирмаларын, маркетинг, консалтингтік, аудиторлық ұйымдарын, сондай-ақ ақша - кредит жүйесі мен банктерді, шаруашылық тәуекелді сақтандыру жүйесі және көптеген басқаларын қосқанда инфрақұрылымның дамымағанын көрсету қажет. Нарықты инфрақұрылым тұтынушылардан келетін дабылдарды аулайды, оларға сол



импульстардың өндірісшілерімен қабылдауын және оларға дәл реакцияларын қамтамасыз етеді, өндірісшілер мен тұтынушыларды бірыңғай шаруашылық процеске байланыстырады. Облыста құрылыс материалдары нарығының инфрақұрылымы әлі қалыптасқан жоқ деп белгілеу қажет, ал отандық құрылыс материалдарының жоғары бәсекелестікке қабілетін қамтамасыз ету үшін ол ш е к т і қ а ж е т .

Құрылыс көлемдерінің сертті асуымен шарттасқан құрылыс материалдарының көбейіп келе жатқан импорты, іс бастылығы 10-25% құраған кәсіпорындардың өндірістік қуаттылығының қолданылуын ұстап тұр. Құрылыс кешенінің қуаттылығы толықсыз қолданылады және оның мүмкіндіктері, бастысы, өндірісті жаңарту үшін кәсіпорындар қаржыларының шектеулісі және құрылыс материалдары, бұйымдары және құрастырмалары өндірісінде жоғары технологияларды игеруге жеңілдік ұзақ мерзімді кредиттердің жоқтығынан ұ с т а л ы н а д ы .

Жоғары тарифтердің шарттарында аумақтық орналастырудың сәйкессіздігі өнім мен шикізат жеткізу бойынша үлкен қаржы шығасысын шақырады. Облыс аудандары бойынша құнды айрықша айырымдауға әкелетін, көлік шығындарының жеке салмағы ара қашықтықтарға жеткізген сәтте 55-65 % жетеді.

### **2004 жылы Ақмола облысы бойынша құрылыс материалдардың жеке түрлерінің орташа құны**

Ақмола облысы								
Цемент, тг./тонна	Қыш кірпіш тг./да на	Сили- каттық және қож кірпіш тг./да на	Тауар бетоны тг / куб.м	Қиыршық тас, тг./куб м	Құрылыс құмы тг./куб м	Қыш тақташа- сы тг./ш.м	Жертөле қабырға сы бло- гы тг./куб м	Тере зе әйне гі, тг./ ш.м
8000-9000	50-60	20-30	9000-11000	1000-2000	500-1000	1000-1600	7500-9500	600-900

### **3) Қатар жүрген салалардың даму әлеуеті**

Облыс экономикасында саланың орнын анықтай отырғанда, оның өнеркәсіптің басқа салаларымен дамытуына әсерін тигізетін өзара байланыстарын айқындау қажет. Солай, қарастырылған саланың шикізат базасы тау дамыту өнеркәсібі болып табылады, бірақ мұндай руда емес қиыршық тас, құм, әк тас және басқа құрылыс материалдары өндеуге жатпайды және бірден

тұтынылады. Бұдан әрі дайын өнім тұтынушылық рыногына (құрылыс ұйымдар) бірден тік түседі, бірақ құрылыс материалдары саудалық делдалдар арқылы іске асырылады.

Өндірушілер сатып алушы ретінде де бола алады, өйткені көптеген құрылыс бұйымдары түрлерінің өндірісі үшін, компонент ретінде неше түрлі құрылыс материалдары керекті, мысалы шифер, темір бетон бұйымдарын өндіру үшін цемент және т.б. қажет. құрылыс материалдары өндірісінің кәсіпорындары өз саласының өнімін 20% жоғары тұтынады, оның ішінде ішкі салалық айналымы 75% құрайды. Салада өндірілген цементтің 35% шамасында және басқа салалардың өнімдерінің 30% шамасы, басты асбест және руда емес құрылыс материалдары тұтынылады.

Қолдайтын салалармен өзара байланысты қалыптастыру қажет, олсыз құрылыс материалдары өндіріс саласының бар болуы мүмкін емес (технологиялар және жабдықтау, тасымалдау, электроэнергия, жұмыс күші, қаржы). Егер бұрын аудит, консалтинг және сақтандыру секілді қызметтер сала үшін өмірлік маңызды болып табылмаған болса, қазір мұндай инфрақұрылымсыз саланың бәсекелестікке қабілеттігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Құрылыс материалдары өндірісінің жеке салалары бойынша қосылған құн тізбесін зерттеу, оның шоғырлануының дәрежесі сол немесе басқа мәселелердің барын және оның туу себептерін көрсете алуға мүмкін.

Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырылымдары өнеркәсібі толығымен құрылыс саласының мүмкіндігін анықтайтын өндіріс саласы болып табылады. Саланың үдемелі дамыту мүмкіндігінің бар потенциалын атап көрсету керек.

Саланың дамуына кепілдік беретін күшті жақтарына: мамандандырылған ғылыми-зерттеу институттары түрінде ғылыми-техникалық потенциалдары және ұйымдары бар болғаны апарылады;

"2005-2007 жылдары Ақмола облысында тұрғын үй құрылысын дамыту жөніндегі Бағдарламасын" қабылдауға байланысты өнімнің тұтыну нарығының болуы және оның арттыруы;

инвестициялық қорларға мүдделі кәсіпорындарға мүмкіндік беретін дамыту институттарының бар болуы;

саланы дамытуды қолдау бойынша сезімді мемлекеттік саясатты жүргізу;

материалдары, бұйымдары мен құрастырылымдарының кең номенклатурасының шығарылуы үшін салалар мен құрылымдардың қалыптастыруына мүмкіндік беретін шикізат базасының жеткілікті болуы жатады.

Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырылымдары өнеркәсібі жағдайының сарабы өндірістік-экономикалық байланысының ажырауы, ішкі

нарықтық күрт тарылуы және тұтынушылық сұраныстың төмендеуі, күрделі құрылысқа инвестициялардың қат-қабат төмендеуі, энергия қорлары мен қызметтеріне құнның өсуі экономикалық құлдырауға, банкроттыққа және саланың көптеген кәсіпорындарының жоюлуына әкелетінін көрсетеді.

Облыс нарығындағы бос орындарды ауыспалы уақыттың қиындықтарын тиімді қолданып шетел фирмалары мен компаниялары тез толтырды.

Оған дерек, соңғы жылдары құрылыс кешенінің материалдық базасының ұстаным қатары бойынша өндірістің құлдырауы тоқтатылды, ал олардың кейбіреулері бойынша өсуі ұйғарылды, сала кәсіпорындарының бөлімі нарық шарттарына икемделе бастады деп куәландырады.

#### **4) Саланың дамуына кедергі жасайтын негізгі факторлар**

Сала құрылымы шикізат немесе шикізат шамасына анық көрсетілген бағытқа ие, облыста құрылыс кешенінің бүгінгі таңдағы талаптарына сәйкес және жоғары дәрежелі қайта өңделген өнімді өндіретін кәсіпорындар жеткіліксіз. Эспорттың негізгі баптары руда емес құрылыс материалдары болып табылады, сол мерзімде айтарлықтай көлемде әйнек табағы, қабырға материалдары, бүгінгі таңдағы жабын материалдары, қыш бұйымдары және сантехникалық бұйымдары импорты жүзеге асуда.

Құрылыс материалдарын өндіруші кәсіпорындардың көпшілігі, бұлар орта немесе шағын және сол салдардан олардың өнеркәсібін жаңарту (немесе ұйымдастыру) бойынша жобаларды қаржыландырумен мәнді проблемалары бар. Проблемалар, қалай өз жекеменшік айналымы қаржысының жеткіліксіз қамтамасыз ету жағымен, солай лизингілік операциялармен қамтамасыз етуінде пайда болады.

Кішірек кәсіпорындар қалай ішкі, солай сыртқы нарықтарда бәсекелестікке қабілеті жоқ, өйткені бір өндірістік тізімнің ішінде болған кәсіпорындар өнімдерді нарықтық бағалар бойынша жеткізеді, онымен шикізат алумен немесе алғашқы оны қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорындарға қарағанда, жоғарылау қосылған құнында сегментте болуы өндірісшілерді бәсекелестікке қабілеті төмендеу болып қалады.

Менеджерлердің жеткіліксіз біліктіліктері сала кәсіпорындарына өндірістік қорларды тиімді қолдануға рұқсат етпейді.

Саланың кәсіпорындары бүгінгі таңдағы әлемдік және ұлттық деңгейде салалардың даму тенденциялары туралы ақпараттарға мұқтаж, сондай-ақ өнімдердің (отандық және өңірлік нарықтары) алуан түрлері бойынша маркетингтік зерттеулерде мұқтаждық бар. Құрылыс ұйымдары құрылыстың белсенді жүріп жатқан негізгі орталығына отандық өндірушілердің құрылыс

материалдарын тасымалдауға бағасының және тарифінің көрсетілуі туралы  
а қ п а р а т т а р ғ а м ұ қ т а ж .

Бүгінгі күнге кәсіпорындар ішінде инновациялық жұмыстар мүлде жүргізілмейді. Орта қауырт болашақта мемлекеттің тікелей араласуынсыз туындаған жағдайлар ішкі нарықта отандық кәсіпорындардың өнімдерін бәсекелестік қабілетсіздікке әкеледі.

Осылай салалық өзіндік ерекшеліктері бар құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырылымдары өнеркәсібінің әлсіз жақтарына: өндірістердің жабдықталуының төменгі техникалық деңгейін; өндірістердің жаңарту және техникалық қайта құралдандырылуы үшін кәсіпорындардың айналма қаржысының және қорының жеткіліксіздігін; өндірістік өнімдердің өзіндік құнының жоғарылығын; нормативті-ақпараттық қамтамасыз етуді дамытудың нашарлығын, әсіресе жаңа стандарттар сапасын енгізу бойынша процедураларын және шикізаттың бар болуы туралы ақпарат бөлігін; өндірісті орналастыруда аймақтық сәйкессіздіктің болуын; экспортқа бағытталған және жаңа импорт орнын басатын өндірісті дамыту үшін инвестициялардың жеткіліксіздігін; көліктік қызметтер құнына және қол жетерлігіне кәсіпорындардың жоғары тәуелсіздігін;

облыста мамандардың тым жетіспеушілігін және олардың дайындықтарының сапасының төмендігін жатқызуға болады.

Бұлардың бәрі көпшілік кәсіпорындардың техникалық және технологиялық жабдықталуы бүгінгі күндегі деңгейінде болғаны, әлемдік стандарттарға сәйкес отандық құрылыс материалдарын шығаруын ұйымдастыру мүмкіндігінің аз болуын куәландырады.

Экономикалық дағдарыстан шығудың тиімді шараларының бірі өнеркәсіп өндірісінде ғылыми-техникалық жетістіктерді қатыстыру және дамыту болып табылады. Сондықтан, ғылыми өндірісті дамытуға және экспортқа құрылыс материалдары өнеркәсібін қарқынды дамытуға, өндірістерді технологиялық жаңартуға, құрылыс өнімдері сапасын жоғарылатуға бағытталған шараларды әзірлеу аса өзекті болып табылады.

## **5) Ақмола облысының құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өндірісі үшін минералды-шикізат базасы**

Құрылыс материалдары, бұйымдары және құрастырылымдарының өнеркәсібін дамыту, жергілікті материалдық өндірістің дамудың негізгі мәселелерінің бірі өңірде шикізаттың негізгі түрлерінің кен орны қорларын

